

Қазақстан Республикасының Жоғарғы
сотының төрағасы
Ж.Асанов мырзаға

Азаматша Касанова Сауледен

Алғыс хат

Сот үшін әрбір қараған істің нүктесін қою, шешімін шығару оңайға түспесі анық. Ал, судья болып шешім шығару - адамнан үлкен жауапкершілікті, тыңғылықты жұмысты, зерделік пен парасаттылықты, адалдық пен ұстамдылықты, көрегенділікті талап етеді. Қазақстан Республикасының Ата Заңымен судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынатыны нақты айқындалған.

Бұл ретте, Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы **Искакова Нагима Аманкелдиевна** сот төрелігін жүзеге асыру барысында, С.Касановаға, яғни маған қатысты тұрғын үй кезегін қалпына келтіру туралы азаматтық істі жан жақты, объективті түрде қарап, істің медиациялық тәртіппін аяқталуына зор үлесін қосты. Істі қарау кезінде судья өзінің біліктілігін, тәжірибесі жоғары судья екенін көрсетті. Сот отырысында судья Н.А.Искакованың әділ төрелігінің арқасында менің заңды құқықтарым мен мүдделерім толық қорғалды. Сот төрешісі судья мандатына лайықты екендігін көрсетіп, сот ісін жүргізу барысында да заң нормаларын сақтай отырып, заңды сот актісін шығарылуына ықпал етті.

Осы ретте, Қазақстан Республикасының сот жүйесінің өте жоғары деңгейде екендігіне, әділдіктің барына көзім жетті. Өз басым судья Н.А.Искакова ханымға істі қарау кезінде қарапайымдылық танытып, тараптарға тең көзбен қарағаны үшін риза болдым.

Онымен қоса сот отырысының хатшысы **Қартанбаева Назым Болатбекқызына** да алғысымды білдіремін. Себебі сот отырысының хаттамасы ол сот отырысының айнасы болып табылады. Сот отырысының хатшысы отырыс барысында өзін нағыз мемлекеттік қызметкер ретінде, қарапайымдылық пен өзінің міндеттеріне жауапкершілікпен қарайтынын көрсете білді.

Сот процесінде өзімнің ризашылығымды ауызша айтуға құқығым болмағандықтан, Сізге жазбаша түрде жолдап отырмын және аяқсыз қалдырмай, судья Н.А.Искакова ханым мен сот отырысының хатшысы Н.Б.Қартанбаеваға жеткізеді деген сенімдемін!

Жоғарыда айтылғандар негізінде, Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы Н.А.Искаковамен сот отырысының хатшысы Н.Б.Қартанбаеваға адамгершілігі мен азаматтығына және судьяның істі заңды, әрі әділ түрде қарағаны үшін үлкен алғысымды білдіремін.

Сот төрешісі болып осы судья сияқты судьялар қызмет атқаратын болса онда Қазақстан Республикасының сот жүйесінің өте жоғары деңгейде екендігін және сотқа деген қарапайым адамдардың сенімі одан ары арта түсетіне өз басым кәміл сенемін.

С.Касанова ЭЦҚ

31.03.2022 жыл